



1. Жалпы ережелер

- 1.1. Кәсіпорынның негізгі қаражаттар шығынын топтастыру
- 1.2. Тозық сомасын ұстап қалу (УСИ, Амортизация)
- 1.3. Капиталды пайдалану шығындары

2. Машиналар, агрегаттар, арнайы стационарлы құрылғыларына шығындары

- 2.1. Амортизация шегі
- 2.2. Тұрақты шығындар
 - 2.2.1 Амортизация (амортизация шегінен төмен пайдалану)
 - 2.2.2 Капиталды пайдалану бойынша шығындары
 - 2.2.3. Негізгі қаражатты ұстауына шығындар
 - 2.2.4. Сақтандыру, салықтар, жинаулар
 - 2.2.5 Тәжірибелік кеңестер
- 2.3. Ауыспалы шығындар
 - 2.3.1. Амортизация (амортизация шегінен жоғары пайдалану)
 - 2.3.2. Жөндеу жұмыстарына шығындар
 - 2.3.3. Техниканың техникалық қызмет көрсету бойынша шығындары
 - 2.3.4. Өндірістік бағыттағы (ЖЖМ) материалдар және қосымша материалдар
- 2.4. Механикаландыру бойынша шығындарды есептеу мысалы
- 2.5. Технологиялық үрдісті өткізумен байланысты шығындар
 - 2.5.1. Технологиялық үрдісті өткізумен байланысты шығындар
 - 2.5.2 Салыстырмалы шығындар
 - 2.5.3 Машина жұмыстарының ең аз көлемі

1. Жалпы ережелер

Кәсіпорынның негізгі қаражаттары кәсіпорын билігінде ұзақ мерзімді (1 жылдан >) болған мүлігін қамтиды. Оған топырақ пен пайдаланатын жерлер, топырақты жақсарту (мелиорация) бойынша шаралар, көп жылдық дәнді дақылдары, ғимараттар мен құрылымдар, сондай-ақ кәсіпорынның машиналары, агрегаттары және арнайы стационарлы құрылғылары жатады.

1.1. Кәсіпорынның негізгі қаражаттар шығынын топтастыру

Шығындар өнімді өндіру кезіндегі тауарлар мен қызмет көрсетулер құнын төмендетумен белгіленеді. Кәсіпорынның негізгі қаражатын пайдалануы шығындардың туындауына әкеледі. Өндіріске байланысты олар мынадай болып бөлінеді:

Тұрақты шығындар (негізгі қараж пайдал қарқындылығына байланысты емес)
 Ауыспалы шығындар (негізгі қараж пайдал қарқындылығына байланысты)

Пайдалану көлемін өсіру немесе қысқартуға байланысты шығындары бар (олар пайдалану қарқындылығына байланысты). Егер шығындар өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты болса, онда олар ауыспалы шығындар деп аталады. Ауыспалы шығындар мысалы: 80 кВт қуаттылығымен тракторына бір жұмыс сағатына 11 литр дизелі қажет. Егер сол трактор 2 сағат жұмыс істейтін болса, онда оған 22 литр қажет болады. Шығындар пайдалану көлеміне байланысты өсіп отырады: олар өзгереді=ауыспалы. Сонымен қатар, пайдалану көлеміне байланысты емес шығындары да бар. Ондай шығындардың мысалы – көлік құралына салық. Жүргеніне байланысты көлік құралына салығы бірдей немесе «тұрақты» болып қалады. Ондай шығындар тұрақты шығындар деп аталады.

Келесі шолуда беріліп отыр: Түрлі өндірістік қаражаттарына шығындардың қандай түрлері туындайды?

1-шолу: Кәсіпорынның негізгі қаражаттар шығынын топтастыру

| | Пайдаланатын жерлер | Мелиорация | Көп жылдық дәнді дақылдары | Ғимараттар | Машиналар /жабдықтар |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|------------|----------------------------|------------|----------------------|
| Тұрақты шығындар(пайдалану қарқындылығына байланысты емес): | | | | | |
| - Амортизация (машиналар мен жабдықтарды амортизация шегінен төмен пайдалану қарқындылығы кезінде) | | (X) | X | X | X |
| - Капиталды пайдалану бойынша шығындары (қаржыландыру шығындары) | X | X | X | X | X |
| - Сақтандыру, салықтар, жинаулар | X | | (X) | X | X |
| - Машиналар/жабдықтарды ұстау шығындары | | | | | X |
| - Ғимараттарды ұстау және қызмет көрсету, мелиорация, көп жылдық дәнді дақылдары | | X | X | X | |
| Ауыспалы шығындар (пайдалану қарқындылығына байланысты): | | | | | |
| - Жөндеу (ғимараттар үшін тұрақты шығындарға жатады) | | | | X | X |
| Ұзақ мерзімді өндірістік құралдарға шығындары | | | | | |

Вайенштефан-Триздорф Қолданбалы ғылымдар университеті

| | | | | |
|--------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|-----|
| - Техникалық қызмет көрсету (жіі үстеме шығындарға жатады) | | | | (X) |
| - ЖЖМ және қосымша материалдарға шығындары (дизель, май, электр., қосым. мат.) | | | | X |
| - Амортизация (машинаны аортизация шегінен жоғары пайдалану) | | | | (X) |

1. Құнның шығыны жоқ жерде, амортизацияда есептелмейді.

Сілтеме: Мәтінде Ауыл шаруашылығының анықтамасында,

мәліметтер жинағында,

жоспарлауда,

веб-сайтта (www.ktbl.de) табуға болатын Ауыл шаруашылығындағы техника және құрылыс басқармасының (KTBL) мәліметтері пайдаланды.

1.2. Тозық сомасын ұстап қалу (УСИ, Амортизация)

Кәсіпорын деңгейінде сатып алу кезінде негізгі құралдардың бастапқы құнды төлеу шығын болып есептелмейді, өйткені соңында қаржы мүлігі тек жылжымалы мүлікке айналады. Сатып алғаннан соң сатып алушы кедей немесе бай болмайды, оның баланс сомасы өзгермейді. Негізгі құралдарға деген шығындар негізгі құралдардың уақыт бойынша пайдаланумен (тозық) байланысты өз құнын жоғалтпағанда ғана туындайды. Тозыққа жететін барлық өндірістік құралдар үшін құнның төмендеуі жылдан жылға негізгі құралдардың баланс құнының тиісті төмендеуімен балансында көрсетіледі.

Шығындарды есептеген кезде құн төмендеуінің жылдық сомасы тозық сомасын (= УСИ) ұстап қалу сияқты белгіленеді. Жиі тәжірибеде УСИ «Амортизация» секілді қысқаша белгіленеді, алайда амортизация түсінігі кең және, сондай-ақ басқа түрлерінің (тозықпен байланысты емес) құнын да төмендетуді қамтиды.

Назар аударыңыз: Тозыққа жетпейтін (топырақ және пайдаланатын жерлер) өндіріс құралдары үшін амортизация сәйкесінше есептелмейді.

Қалдық құнымен = 0:

Егер пайдаланудың толық мерзіміне негізгі құрал соңында ешбір құнсыз болса, онда бұл оның бастапқы құны пайдалану мерзімі бойы «есептен шығарылды» дегенді білдіреді.

Қалдық құнымен > 0 €

Егер пайдалану мерзімінің соңында негізгі құралдың құны болса, онда құнның төмендеуі бастапқы және қалдық құн арасындағы айырмашылығын көрсетеді.

Егер пайдаланудың мерзімі соңында нысанды бөлшектеу және қайта өңдеу шығындары туындаса, онда олар бастапқы құнды/сатып алу құнын өсіріп, және оны есептен шығарады.

Амортизацияның «ақшалай қаражаттарды жинақтау» ретінде түсіндіру кәсіпорынды жоспарлау кезінде ерекше маңызы бар, өйткені ...

жыл сайын өз кәсіпорынымның негізгі капиталын сақтап алу үшін өз қызметімнен қанша ақша алуым қажет? Сұрағыма жауабы...
қажетті амортизация сомасымен білінеді.

Нәтижесінде, амортизациялық бөліну мынадай мақсатпен жүзеге асырылады:

- бухгалтерлік есепте негізгі құралдардың нақты баланс құнында көрсетіледі (кәсіпорын активтерінің номиналды құнының жайы);
- бастапқы құнын бөлу (=жалпы құнын төмендету);
- нысанды пайдалану мерзіміне;
- қуаттылығы мен құрал-жабдықтарды ауыстыруды қаржыландыру.

Негізгі құралдар өз құнын жоғалтқан жағдайда (амортизация есептелгенде) өз құнын (пайдалану мерзімі, қысқартылған: N) жоғалтқан бойы негізгі құралдардың пайдалану мерзімін білу қажет.

Екінші шектеулі фактор, уақыттан басқа, өндірістік қор болып табылады. Бұл ең алдымен, нысанның өндірістік қуаттылығының барына жатады (мысалы, машина-сағат). Жөндеу жұмыстарына өсетін шығындарынан машинаны немесе құрал-жабдықты экономикалық тұрғыдан тиімді пайдалану олардың өндірістік қорымен шектелу жайлы сөз қозғалып отыр (қысқартылған түрі: n).

Амортизация есептеудің желілік әдісі:

Негізгі құралдардың бастапқы құны нысанды пайдалану мерзіміне тең бөлінеді. Әдіс амортизацияның жылдық нормаларының теңдігінен желілік деп аталады.

Сонымен, негізгі құралдарының баланстық құны тең азайтылады (=желілік).

Есеп:


$$\frac{\text{Бастапқы құны}^1 - \text{Қалдық құны}}{\text{Пайдалану мерзімі}}$$

1) нысанды бөлшектеу немесе қайта өңдеу шығындарын қосқанда

Бағалау:

- есептеудің қарапайым әдісі
- бастапқы құн тең жылдық пайдалану кезінде нысанды пайдаланудың барлық мезіміне тең бөлінеді
- кәсіпорын активтерінің құны номиналды сақталу мақсатына жетеді (амортизациялық есептеулерді ұқсас нысанды сатып алу құнының сомаларымен салыстыру)
- активтердің нақты құнын сақтау мақсатына инфляция болмаған немесе ұқсас негізгі құралдың қымбаттау болмаған жағдайда ғана жетеді. Шарты нысан баланстық құнының, амортизациялық желілік әдісінің және оның нақты нарық құнының сәйкестігі болып табылады.

2-шолу: Амортизацияны есептеудің желілік әдісі



Вайенштефан-Триздорф Қолданбалы ғылымдар университеті

| | | Қалдығы | Баланс құны ¹⁾ | Жылдық амортизация | Алдыңғы амортизация |
|----------------------------------|---------|---------|---------------------------|--------------------|---------------------|
| Бастапқы құны (А) | 100.000 | 1 | 80.000 | 20.000 | |
| Амортизация нормасы (1/5 жыл) | 20% | 2 | 60.000 | 20.000 | 20.000 |
| Амортизация сомасы | 20.000 | 3 | 40.000 | 20.000 | 40.000 |
| | | 4 | 20.000 | 20.000 | 60.000 |
| Баланс құнының қалдығы (А косқ.) | 50.000 | 5 | 0 | 20.000 | 80.000 |

¹⁾- әр есептік жылдың соңында

1.3. Капиталды пайдалану шығындары

Жерге және мүлікке инвестициялар капиталмен байланысты. Қарыз капиталын пайдаланған кезде пайыздар қосылады, ал жекеменшік капиталды пайдаланған кезде олар төленбейді. Алайда капиталға шығындары екі жағдайда да туындайды. Ондай шығындарды капиталды пайдалану шығындары дейді. Капиталды пайдалану шығындарына қарыз (пайыздар) капиталына пайыздар сияқты және жекеменшік капиталына есептік пайыздық мөлшерлемелер (баламалық пайыздық мөлшерлемелер) ретінде қосылады. Капиталды пайдаланудың шығындар мөлшері мыналарға байланысты:

- пайыздар есептелетін кезеңіне негізгі құралдардың орташа құнына
- есептік (калькуляциялық) пайыздық мөлшерлемесінің көлемі.

=> Капиталды пайдаланудың шығындары = есептік пайыздық мөлшерлеме × негізгі құралдарының орташа көлемі, пайдалану мерзіміне бөлінген



соның ішінде:

есептік пайыздық мөлшерлеме=аралас пайыз,
яғни: қарыз капиталының бөлігі*несие бойынша
пайызы+ жекеменшік капиталының бөлігі*жекеменшік
капиталына есептік пайыздық мөлшерлемесі

1.3.1. Пайыздар есептелетін негізгі капиталының орташа көлемі

Пайыздар есептелетін негізгі капиталдың орташа көлемі әр жылда баланстық құнынан орташа арифметикалық секілді белгіленеді (пайдалану мерзімінің соңында бастапқы және қалдық құнын қосқанда). Өйткені баланстық құны амортизацияны есептеу әдісіне байланысты түрлі болады, негізгі капиталдың орташа көлемі амортизацияны есептеудің таңдалған әдісімен белгіленеді. Негізгі құралдардың орташа баланстық құны (сонымен негізгі капиталдың орташа мөлшері) желілік әдісімен математикалық тұрғыдан басындағы құны (бастапқы құны) мен соңғы құны (қалдық құны) арасындағы орташа мәні ретінде қарапайым белгіленеді.

3-шолу: Амортизацияны желілік есептеу кезіндегі бастапқы құнынан пайыздағы (%) негізгі капиталының орташа мөлшері



Есептеу:

$$\frac{\text{Бастапқы құны} - \text{қалдық құны}}{2} + \text{қалдық құны} = \frac{\text{бастапқы құны} + \text{қалдық құны}}{2}$$

Егер қалдық құны нольге тең болса, онда негізгі капиталдың орташа мөлшері $A/2$ тең.

1.3.2. Тиісті есептік пайыздық мөлшерлеме

Есептік пайыздық мөлшерлемесі салынған капиталдың балама шығындарында көрсетіледі. Сонымен, инвестиция салушы инвестиция нысанының минималды салымдардың ақталуына да қызығушылық танытады. *Жалпы* капиталға тиісті есептік пайыздық мөлшерлемесі *жекеменшік және қарыз* капиталының пайыздық мөлшерлемелері негізінде белгіленеді.

Жекеменшік капиталына есептік пайыздық мөлшерлемесі мынадай баламалардан тұрады:

- кәсіпорын шегінде балама инвестициялардың номиналды пайыздық табысынан;

- баламалық ішкі шаруашылық инвестициялардың номиналды пайыздық табысынан;

- қарыз капиталын қайтарған кезде пайыздарды төлеуге шығындарын үнемдеуден.

Баламалық инвестицияларымен салыстыру кезінде капитал салымдары мен тәуекелдердің шамасымен бірдей мерзімдері кезінде салыстыру мүмкін екенін ұмытпаған жөн.

Тәжірибеде жиі негізгі капитал үшін нақты жете алатындай («қол жетімді пайыз мөлшерлемесі») пайыздық мөлшерлемесі алынады.

Қарыз капиталы үшін есептік пайыздық мөлшерлемесі капиталды пайдалануда төлеуге қажет («несие бойынша пайыз», «міндетті пайыз») пайыздық мөлшерлемесімен өлшенеді.

Егер жекеменшік және қарыз капиталы инвестицияланатын болса, онда есептік пайыздық мөлшерлемесі капиталдың екі бөлігінің есептік пайыздық мөлшерлемелерінен орташа өлшенген сияқты болып белгіленеді, сонымен қатар арасалмағы пайдаланудың барлық мерзімінде сақталады.

Қазір амортизация және несиелердің (тұтынушылық, аннуитетті несиелер және т.б.) түрлі формаларының барлық мүмкін үйлесімдері жайлы талқылауға ертерек болар еді, дегенмен есептік пайыздық мөлшерлеменің қаржыландыруға әсері амортизацияны есептен шығару желілік әдісінің және несие бойынша (тұтынушылық несие) желілік төленудің арасындағы байланыс қарапайым мысалында көрсетілетін болады.

Сонымен қатар екі жағдай қарастырылады:

1-жағдай: амортизация мерзімі = несиелеу мерзімі


2-жағдай: амортизация мерзімі > несиелеу мерзімі

1-жағдай: Амортизация мерзімі=несие мерзімі

(амортизация және несие бойынша төлемдер желілік болып табылады (бірдей сома))

Егер амортизация мерзімі (желілік амортизация және несие бойынша желілік төлемдер) несие мерзіміне тең болса, онда қарыз және жекеменшік капитал арасындағы арасалмағы уақыт бойы тұрақты болып табылады (келесі мысалда: 60:40).

| | Конец года | | | | | | → | € | | |
|-------------------|------------|--------|--------|--------|--------|--------|---|---------|--------|------|
| | 0 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | | Σ | Ø | % |
| Жалпы капитал € | 100 000 | 80.000 | 60.000 | 40.000 | 20.000 | 0 | → | 300.000 | 50.000 | 100% |
| Амортизация €/жыл | | 20.000 | 20.000 | 20.000 | 20.000 | 20.000 | → | 100.000 | 20.000 | |
| Қарыз кап. € | Қа | 60.000 | 30.000 | 0 | 0 | 0 | → | 90.000 | 15.000 | 30% |
| Төлемдер €/жыл | | | 30.000 | 30.000 | 0 | 0 | → | 60.000 | 12.000 | |
| Жекеменшік кап. € | | 40.000 | 50.000 | 60.000 | 40.000 | 20.000 | → | 210.000 | 35.000 | 70% |
| Несиеу мерзімі: | | 2 жыл | | | | | | | | |
| Пайдалану мерзімі | | 5 жыл | | | | | | | | |



$$\text{Есептік пайыз мөлш} = \frac{\Sigma K_e \times r_e + \Sigma K_f \times r_f}{\Sigma K_e + \Sigma K_f}$$

ΣK_e = Жекеменшік капитал (барлығы)

ΣK_f = Қарыз капиталы (барлығы)

r_e = Жекеменшік капитал үшін пайыздық мөлшерлеме

r_f = Қарыз капитал үшін пайыздық мөлшерлеме

Орташа есептік пайыздық мөлшерлемесін жекеменшік және қарыз капиталының бастапқы арақатынасы негізінде есептеуге болмайды (0 кезеңінде), өйткені бұл арақатынас пайдалану мерзімі бойы өзгеріп отырады. Бұл жағдайда капиталдардың бөліктерін есептеу кезінде капиталдың жалпы сомасы пайдалану мерзімі бойы маңызды болып табылады.

| Есептеу: | Капитал бөлігі | × | Пайызд. мөлш | = | Жартылай пайыз. мөлш | Баламалық есебі |
|------------|----------------|---|--------------|---|----------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жекеменшік | 70% | × | 3% | = | 2,1% | Жоғарыда берілген формуласы бойынша: $\frac{210.000 \times 3\% + 90.000 \times 6\%}{210.000 + 90.000} = 3,9\%$ |
| + Қарыз | 30% | × | 6% | = | 1,8% | |
| = Жалпы | | | Σ | | 3,9% | |

2. Машиналар, агрегаттар, арнайы стационарлы құшығындары

Мысалы, машиналар: трактор, комбайн, шөп шапқыш (негізінде мобильді өзі жүретін немесе тіркемелі)

Құрал-жабдық: соқа, тырма, егістік топырағын жұмсартатын техникалық құрал

Арнайы стационарлы қондырғылар: сүт үшін суытатын құрылғы, егіс материалын тазарту үшін құрылғы, астықты ұсақтау, вентиляциялық қондырғы.

2.1. Амортизация шегі

Машиналар мен агрегаттар механикаландырудың шығындары кезінде (арнайы стационарлы қондырғыларға шығындары кезінде аз) бір ерекшелікті ескеру қажет:

Амортизация тұрақты (өндіріс қарқындылығына байланысты емес) шығыны және ауыспалы (өндіріс қарқындылығына байланысты) шығыны бола алады. Бұл машиналарды пайдалану мерзімі екі факторлармен шектелетінімен түсіндіріледі:

- а) техникалық және моральді тозуымен;
- б) пайдалану процесінде техниканың тозуымен (физикалық тозуы).

Мысалы, машинаның 10.000 маш.-сағ.мөлшерінде өндірістік қоры және 10 жыл пайдалану мерзімі бар. Егер машина қарқынды емес, нақты айтқанда 10.000 маш.-сағ.мөлшерінен азырақ пайдаланатын болса: $10 \text{ жыл} = 1000 \text{ маш.-сағ/жыл}$, онда пайдаланудың максималды кезеңі оның моральді тозығымен шектеледі және 10 жылдан соң машина есептен шығарылады. Машинаның құнын есептен шығару 10 жылға бөлінеді. Осы жағдайда машинаны пайдаланудың нақты қарқындылығы амортизация шегінен төмен болады, амортизациялық есептеу сомасы оны пайдаланудың нақты мерзіміне байланысты болмайды және тұрақты шығынның мөлшері болып қалады. Егер машинаны жылдық пайдалану мөлшері амортизация шегінен 10.000 маш.-сағ.мөлшерінен артық болса: $10 \text{ жыл} = 1000 \text{ маш.-сағ/жыл}$, онда машинаның өндірістік қоры 1000 маш.-сағ/жыл мөлшерінде 10 жылдан бұрын тезірек пайдаланатын болады және бұл оны ертерек ауыстыру керек екенін білдіреді. Амортизациялық есептеу сомасы оны пайдаланудың нақты мерзіміне байланысты болады және ауыспалы мөлшеріндегідей қарастырылуы тиіс. Жылына 2000 маш.-сағ. мөлшерінде пайдаланудың қарқындылығы кезінде 5 жылдан соң машинаның физикалық тозығы жетеді және ол сол мерзімге есептен шығарылады. Жылына 2500 маш.-сағ. мөлшерінде пайдалану кезінде - 4 жыл. Амортизациялық есептеу сомасы оны пайдаланудың қарқындылығына байланысты болғандықтан, ауыспалы және тұрақты шығындарға жатады, оларды шартты-ауыспалы шығындар деп белгілейді. Соған байланысты, өндірістік үрдісті механикаландыру бойынша барлық шығындарын мыналарға бөлуге болады:

| Механикаландыру шығындары | | |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------|
| Тұрақты шығындар | шартты-ауыспалы шығын. | Ауыспалы шығындар |
| Капиталды пайдалануға шығындар Ұстауға шығындары сақтандыру машинаға салық *), жинаулар | Амортизациялық есептеулер | Техникалық қызмет көрсету жөндеу жанар-жағар материалдары шығыс қосымша материалдары |

*) а/ш пайдалану кезінде салық салулар жоқ

Амортизация ауыспалы шығын болатын шегі амортизация шегі болып табылады. Ол жылдық пайдалануына сәйкес келеді, онда уақыт (N) және өнімділігі (n) бойынша пайдалану мерзімдері бірдей шығындалады:

$$\text{Амортизация шегі} = \frac{\text{Өнімділігі (n) бойынша пайдалану мерзімі (маш.-сағ, га, және т.б.)}}{\text{Уақыт бойынша пайдалану мерзімі (жыл)}} = \frac{n}{N}$$

2.2 Тұрақты шығындар

2.2. Амортизация (амортизация шегінен төмен пайдалану)

Егер машинаны пайдалану мөлшері амортизация шегінен төмен болса (n/N), онда амортизация өндіріс қарқындылығына байланысты емес мөлшер ретінде тұрақты шығындарға жатады. Амортизацияның шаруашылық есептеулерінде амортизацияның мәлім ортақ желілік нормасы (бірдей амортизациялық есептеулер) болып табылады, пайдалану мерзіміне сатып алу құнын тең бөлуді қамтамасыз ету үшін:

$$\text{Жылдық амортизация} = \frac{\text{Бастапқы құны (A) – Қалдық құны (R)}{\text{Уақыт (N) бойынша пайдалану мерзімі}}$$

Бөлшектеу және қайта өңдеу шығындары пайдалану мерзімінің соңында бастапқы құнына қосылып отырар еді. Алайда арнайы құрал-жабдықтармен байланысты жағдайда ғана кездесетін болғандықтан, тәжірибеде олар есепке алынбайды.

Қалдық құны және пайдалану мерзімі

Амортизацияның есептеген кезде негізгі құралдың қалдық құны мен пайдалану мерзімі маңызды мәнге ие. Егер қалдық құны ескерілетін болса, онда есептелген амортизация төмен болады, ал есептік пайыздық мөлшерлемесі артады. Шығындар төмен болмауы үшін қалдық құнын ескерген жөн, егер машинаны пайдалануды қарастырылған мерзімі пайдалану үйреншікті/мүмкін мерзімінен айтарлықтай төмен болса, және егер машина пайдалану мерзімі өткен кезде нақты тарату құны болған жағдайда. Бұл, әдетте, өзі жүретін машиналар (комбайндар, шөп шапқыштар) үшін өзекті. Пайдалану мерзімін белгілеу кезінде амортизация есебі үшін техникалық пайдалану мерзімі емес, машинаны пайдаланудың экономикалық тұрғыдан дәлелденген мерзімі маңызға ие болатынын ескерген жөн: яғни, сол уақыт ішінде машина құнының шығыны орнын толтыру тиіс. Сондықтан өте сирек жағдайларда 15 жылдан астам уақытқа есептен шығарған жөн, сондай-ақ пайдаланудың біршама мөлшеріндегі қарқындылығы кезінде болса да, 20 жылдан астам машинаны пайдаланудың маңызы жоқ. КТВЛ сияқты анықтамаларда жөндеу жұмыстарына деген шығындары да бар, олар пайдаланудың нормативтік мерзіміне сүйенеді. Машина неғұрлым артық пайдаланатын болса, соғұрлым жиі нормативтік мәндерінен арта отырып, өседі. Пайдаланудың ұзақ мерзімі (= төмен амортизация) және жөндеу жұмыстарына деген жоғары шығындарын ескермеуі шығындарын жете бағаламауға әкеледі. Оны болдырмауымыз қажет. Саналы түрде амортизацияның тез есептен шығаруымен байланысты машинаны пайдаланудың ең аз мерзімі ескі техникаға жөндеу жұмыстары үшін одан әрі жоғары шығындарын болдырмауға көмек береді.

2.2.2. Капиталды пайдалану бойынша шығындары

Құнды желілік азайту кезінде капиталды пайдалану бойынша шығындары мынадай әдіспен есептеледі: бастапқы және қалдық құнының 50% есептік пайыздық мөлшерлемеге көбейтіледі.

$$(A + R) / 2 \times \text{есептік пайыздық мөлшерлеме}$$

Толық ақпарат үшін 1.3-тармағын қараңыз

2.2.3. Негізгі құралдарды ұстау шығындары

Негізгі құралдарды ұстау шығындары машиналар мен құрал-жабдықтардың ауыспалы және тұрақты шығындарынан тұрады. Жалпы жылдық шығындары ауданға төлінеді, оны машиналар мен агрегаттар алады. Тәжірибеде оларды тым күрделі анықтағандықтан жеңілдетілген түрде негізгі құралдарды ұстау шығындарын машинаның бастапқы құнын 0,5-1%-ға теңеген жөн. Алайда машинаны ұстау шығындарын орналастыру үшін алаң қажеттілігін ескере отырып, бағалау пайда болатыны анық.

Ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпорнын жоспарлау бойынша КТВЛ анықтамасында (2012/13) машиналар үшін ангарларды пайдалануға мынадай мәндер көрсетілген.

Инвестиция және машиналар үшін ангарларды ұстауға жылдық шығындарының қажеттілігі

Машиналар үшін ангарлар, болат рама құрылымы, ст.

| Болатты қабырғалар Талшықты цементтен және талшықты табақтан төбесі | Ұзындығы/ ені | Негізгі ауданы | Тұрғын аудан | Инвестиция қажеттілігі | | Жылдық шығындар | |
|---------------------------------------------------------------------------|------------------|-------------------|-----------------|---------------------------|--------|-------------------------|--------------|
| | м | м² | м² | € барлығы | €/м² | € барлығы ¹⁾ | €/м² |
| Ангар, бір жағынан ашылады, еден қатты жабынымен | 31,25/13 | 406, 25 | 397 | 68391 | 172,27 | 4.572 | 11,52 |
| Барлық жағынан жабық, қақпалары 3 секция еден қатты жабынымен | 30/15 | 450 | 441 | 94784 | 214,93 | 6.369 | 14,44 |
| | 42/22,5 | 945 | 933 | 195474 | 209,51 | 13.292 | 14,25 |
| Барлық жағынан жабық, қақпалары 4 секция еден қатты жабынымен | 60/25 | 1500 | 1483 | 339803 | 229,13 | 22.937 | 15,47 |

Көздері: КТВЛ: ауыл шаруашылығындағы кәсіпорнын жоспарлау 2012/13, 23-ші басылым, 2012, Дармштадт

1) Амортизация сомасы, пайыздар төлемдерге шығындары, ұстауға шығындары, амортизация сақтандыру: 30/15/10 жыл құрылыс элементтерімен пайдаланатын ұзақ мерзімді/орташа мерзімді/қысқа мерзімдік үшін пайдаланудың пайдалы мерзімі

Капиталды пайдалану шығындары: пайыздық есептік мөлшерлеме 4%

Ұстау шығындары: инвестициядағы қажеттіліктен 1/2/3% құрылыс элементтерімен пайдаланатын ұзақ мерзімді/орташа мерзімді/қысқа мерзімдік үшін жөндеу жұмыстарына шығындары

Сақтандыру шығындары: инвестициядағы қажеттіліктен 0,2%

1 м² шығындары ғимараттың пайдалы биіктігі 4 м алаңына жатады. Алаң қажеттілігі мынадай әдіспен есептеледі:

(машина ұзындығы м + 1,20 м) x (машина ені м + 1,20 м).

Мысалы, 80 кВ қуаттылығымен толық жетекті трактор:

Ұзындығы: $4,70 \text{ м} + 1,20 \text{ м} = 5,90 \text{ м}$

Ені: $2,50 \text{ м} + 1,20 \text{ м} = 3,70 \text{ м}$

Алаң қажеттілігі: $21,83 \text{ м}^2$

| Мысалы: | Алаң қажеттілігі | Жылдық брутто-шығындар |
|----------------------------------------------------------|----------------------------|---------------------------------------------|
| Трактор 80 кВ (5м × 2,4м) (қуатты құрылым, болатты еден) | $21,83 \text{ м}^2 \times$ | $15,47 \text{ €/м}^2 = 337,7 \text{ €/жыл}$ |
| Толық айналымды соқа 5 жер жыртқыш (мощная конструкция) | $11,27 \text{ м}^2 \times$ | $14,44 \text{ €/м}^2 = 162,7 \text{ €/жыл}$ |
| Тіркеме 10 т (ремиз...) | $14,88 \text{ м}^2 \times$ | $11,5 \text{ €/м}^2 = 171,4 \text{ €/жыл}$ |

Салыстыру:

80 кВ қуаттылығымен толық жетекті трактордың құны 69 000 еуроға тең және оны орналастыру үшін алаң қажеттілігі $22,83 \text{ м}^2$ құрайды делік. Ол жоғарыда көрсетілгендей бетонды-болатты едені мен секторларымен жабық залынан тұрады. Осы мәліметтер арқылы ұстау шығындарын есептеуге болады, ол 337,6 еуроға тең. Немесе жалпы норманны пайдалануға болар еді: 0,5%-дан 1%-ға дейін. Онда есептеу кезінде ұстау шығындары мынаған тең: $0,5\% = 345 \text{ евро/жыл}$ және $1\% = 690 \text{ евро/жыл}$. Құрылыс құны негізінде есептеудің баламасы жалға алуды қолданумен жіберіледі, егер тиісті ақпарат болған жағдайда.

2.2.3. Сақтандыру, салықтар, жинаулар

Сақтандыру: Белгіленген заңмен немесе еркін сақтандыру кезінде туындайтын барлық шығындарды енгізеді.

КТВЛ-да тракторлар мен өзі жүретін машиналар үшін сақтандырудың (еркін сақтандыру) мынадай жылдық шығындары қарастырылған (2012 ж қалпы бойынша, Ауыл шаруашылықтағы кәсіпорынды жоспарлау бойынша анықтамасы, 57-бет):

| | | |
|-------------------------------------------------------------------|----------|-------------------|
| Трактор | 45-55 кВ | 215 евро/жыл |
| Трактор | 55-74 кВ | 275 евро/жыл |
| Трактор | > 74 кВ | таб. 405 евро/жыл |
| Өзі жүретін жинайтын машиналар үшін (мысалы, комбайн) 60 евро/жыл | | |

Тәжірибеде сақтандыруға жылдық шығындары жиі бастапқы құнынан 1% - бен бағаланады. КТВЛ мәліметтерімен салыстырғанда, ондай бағалау аса көтеріңкі болып табылады. КТВЛ мәліметтер жинағында мынадай нормалар көрсетілген:

Толық жетекті тракторлар үшін сатып алу құнынан шамасымен 0,45% (0,3-0,6%)

Өзі жүретін машиналар үшін (комбайн үшін де) сатып алу құнынан шамасымен 0,25% (0,2-0,3%)

Салықтар: Негізгі қаражаттың тікелей салық салу бойынша барлық шығындар. Германияда ауыл шаруашылықтағы көлік құралдары көлік құралдарына салықтан босатылды, сондықтан ешбір шығындар туындамайды.

Жинаулар: Көлік құралдарының техқарау

| Жетімді жалпы салмағы (т) | Басты қарау аралығы*) шығындар (€) | | Қауіпсіздікті тексеру аралығы*) шығындар | |
|---------------------------|------------------------------------|----|------------------------------------------|----|
| | 3,5 т дейін**) | 24 | 40 | |
| > 3,5 7,5 т дейін | 12 | 50 | | 45 |
| > 7,5 12 т дейін | 12 | 60 | 6 ***) | 55 |
| > 12 18 т дейін | 12 | 70 | 6 | 60 |
| > 18 32 т дейін | 12 | 80 | 6 | 70 |
| > 32 т | 12 | 90 | 6 | 80 |

*) айлардағы аралығы!

**) сондай-ақ ≤ 40 км/сағ. максималды жылдамдылығым ен көлік құралдары

***) 10 т тіркемелер үшін

Источник: Справочник КТВЛ, планирование предприятия 2012/2013 гг.

Германиядағы сепкіштер үшін кезеңдік бақылау жазылған (әр 2 жыл сайын). КТВЛ есептері үшін агрегаттың жұмыс енінің метріне 4 евро/жыл алынады.

2.2.3. Тәжірибелік кеңестер

Жоғарыда айтылғандай, тәжірибеде жиі амортизация және капиталды пайдалану шығындары ғана емес, сондай-ақ ұстаудың жылдық шығындары және негізгі құралдарды сақтандыру машинаның бастапқы құнымен өлшенеді:

| | | | |
